

"Жастар іс - тәжірибесін" ұйымдастыру туралы

Қарақия ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 06 мамырдағы № 92 Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 20 маусымда № 11-4-120 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 6 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылға арналған жұмыссыз жастарға «Жастар іс - тәжірибесі» ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, «Жастар іс - тәжірибесі» ұйымдастыратын мекемелердің тізбесі бекітілсін.

3. Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі (Ә.Әбдіхалықова) 2011 жылға «Жол картасы» аясында жергілікті және республикалық бюджеттен қаралған қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

4. Қарақия ауданының әкімдігінің 18.03.2011 жылғы № 64 «2011 жылға жұмыссыз жастарға «Жастар іс - тәжірибесін» ұйымдастыруға және әлеуметтік жұмыс орындарын құратын шаруашылық субъектілерінің тізбесін бекіту туралы» қаулысы жойылсын.

5. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т.Төлешовке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә.Дауылбаев

К Е Л І С І Л Д І :

«Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ - нің бастығы
Ә . Ә б д і х а л ы қ о в а

05 мамыр 2011 жыл

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ - нің бастығының міндетін атқарушы
М . Б . Б а л ы қ б а е в а

05 мамыр 2011 жыл

«Жастар іс - тәжірибесін» ұйымдастыратын мекемелердің тізбесі

№	Кент, село атаулары	Жастар іс-тәжірибесі	1 адамға төленетін қаржы	Барлығы
1	Құрық селосының әкім аппараты	6	26000	850,0
2	Жетібай кентінің әкім аппараты	10	26000	1415,0
3	Мұнайшы кентінің әкім аппараты	4	26000	550,0
4	Сенек селолық әкім аппараты	5	26000	650,0
5	Бостан селолық әкім аппараты	2	26000	300,0
6	Құланды селолық әкім аппараты	3	26000	400,0
7	МКК "Тұрмыс -Сервис"	10	26000	1415,0
8	МКК "Мұнайшы -Сервис"	30	26000	4100,0
Аудан бойынша		70		9680,00